

БЕКІТЕМІН  
ЖСШ «Аслан –Али»  
«Еркемай» балабақшасының  
менгерушісі: Жунусова Н.Р.



Педагогикалық кеңестер

Мақсаты: Оқыту-тәрбиелеу процесін жақсарту және бағдарламаның тапсырмаларын меңгерту

№	Педагогикалық кеңестер мазмұны және тақырыбы	Өткізу түрі	Уақыты	Жауаптылар
	<p><b><u>Пед кеңес №1</u></b></p> <p><b>Күн тәртібі</b></p> <ol style="list-style-type: none"><li>1. Балабақшаның жылдық жоспары мен ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесін бекіту</li><li>1. Мектеп жасына дейінгі баланың ой-өрісін театр (саусак театры, қуыршақ т.б) арқылы дамыту</li><li>2. Мектеп жаысна дейінгі балалардың тілдік танымын дамыту</li><li>3. Тәрбиешінің шығармашылық тақырыптарын бекіту</li><li>4. Ата-аналардың қатысуымен ашық есік күндерін өткізу</li></ol>	Слайд-баяндама	Тамыз	Менгеруші. Жунусова Н.Р  Әдіскер Ильясова А.Т.  Тәрбиешілер
	<p><b><u>Пед кеңес №2</u></b></p> <p><b>Күн тәртібінде:</b></p> <ol style="list-style-type: none"><li>1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы</li><li>2. Балаларды таныстыруға арналған көркем сурет туындыларына шолу</li><li>3. Сурет саалу мен сөйлеуді дамыту жұмыстарына байланыстыра отырып жүргізудегі пайдаланылатын көрнекіліктер көрмесі.<ol style="list-style-type: none"><li>1. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметін</li><li>2. «Күзгі бақта күлімдеп, еңбек етер адамдар» кіші топ</li><li>3. «Күзгі жапырақтар» Ортаңғы топ</li></ol></li></ol>	Дөңгелек үстел	Қараша	Менгеруші. Жунусова Н.Р  Әдіскер Ильясова А.Т.  Тәрбиешілер

Пед кеңес №3

**Күн тәртібінде:**

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. Баланың өмірі мен денсаулығын қорғау ережелері. Мейірбике
3. Балаларды бейнелеу өнерінің жанрларымен таныстыру
4. Ұлттық ойындар көрмесі.
5. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметін талдау

- Ашық  
ұйымдастырылған оқу қызметі
1. «Қысқы орманға саяхат»
  2. «Жабайы аңдар»
  3. «Көңілді шарлар»

Хабарлама

қаңтар

Меңгеруші:  
Жунусова Н.Р.  
Медбеке  
Ибрагимова А.Б.  
Әдіскер:  
Ильясова А.Т.

Топ  
тәрбиешілері

Педагогикалық кеңеске дайындық:

- Слайд-баяндамаға дайындық;
- Көрмеге дайындық;

Пед кеңес №4

**Күн тәртібінде**

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. Мақсатты серуенге дайындық жұмыстары.
3. Қауіпсіздік ережесін талқылау.
4. Тамақтың дұрыс ұйымдастырылуын бақылау
5. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметін талдау
6. Ашық ұйымдастырылған қызметін
  1. «Әдемі гүлдер»
  2. «Құстар біздің досымыз»
  3. «Ертегілер еліне саяхат»

Дөңгелек  
үстел

наурыз

Меңгеруші:  
Жунусова Н.Р.  
Медбеке  
Ибрагимова А.Б.  
Әдіскер  
Ильясова А.Т.

Топ тәрбиешілері

Пед кеңес №5

**Күн тәртібінде**

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. Тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарына есеп беруі.
3. Жазғы сауықтыру жұмыстарының іс шаралары туралы.
4. Тәрбие сағаттарының, ашық сабақтарының, ертеңгіліктер мен іс шараларының бағдарламаларын жинақтау.
5. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерін талқылау.  
Ашық ұйымдастырылған оқу қызметі
  1. «Ертегі еліне саяхат»
  2. «Шынықсан шымыр боларсын»

Дөңгелек  
үстел

мамыр

Меңгеруші:  
Жунусова Н.Р.

Әдіскер Ильясова  
А.Т.

Топ тәрбиешілері

Балалардың қызығушылығы, ынтасы тез дамып, ертегіге деген қуаныштары көрініп тұрады-деді. кіші топ тәрбиешісі да өз тобындағы қуыршақ театры бар екендігін атап өтті және бұл балалардың ойлау қабілеттерін арттыратынын айтты.

3. Б/б меңгерушісі Жунусова Н.Р. сөз алды. Ол өз сөзінде жылдық жоспарға біз міндет етіп, денсаулық саласын алған болатынбыз. Денсаулық саласына тіл дамыту, көркем әдебиет, орыс тілі, ағылшын тілдері жатады. Осы міндетімізге қарай, балалардың тілдік танымын дамыту жұмыстарын тәрбиешілер өз тәжірибесінде ұжымды пайдалану керек. Тілді және сауаттылық дағдыларын меңгеру күрделі процесс, оның барысында басылым материалдарын қолдануды және түсінеді, сөздерді қалай қолдану керектігін, сөз мағынасы мен құрылымын оқып үйренеді. Тілді меңгере отырып, бала идеяларды анық тұжырымдау, басқалармен бөлісу, басқа адамдардың идеялары мен әрекеттеріне жауап беру қабілеттілігін меңгереді-деді.

Сөз алғандар. б/б әдіскері Ильясова А.Т. сөз алды. Балалар тілді өз пікірлерін, сезімдерін және басқа да ойларын білдіретін құрал ретінде ғана емес, сонымен қатар басқа адамдармен, қатынас жасап, түсіну және түсіндіру құралы ретінде де қолданулары тиіс.

4. Тыңдалды. Б/б меңгерушісі Жунусова Н.Р. сөз алды. Тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарын бөліп берді. Тәрбиешілердің ауысуына байланысты кеткен тәрбиешінің тақырыбы ары қарай жалғастыруын келген тәрбиешіге жүктеп берді.

5. Тыңдалды. Б/б меңгерушісі Жунусова сөз алды. Құрметті, тәрбиешілер ата-аналар жиналысымен бірге ата-аналардың қатысуымен ашық есік күндерін ұйымдастыруымыз керек. Ашық есік күндері әр айдың соңғы жұмысына жоспарланады. Әр айда бір тәрбиешіден ашық есік күнін өтеді.

Сол күні күн тәртібінде уақытылы күнтізбені түзеді. Бір күндік іс-шара түзіп, суретші шақырып, ата-аналарды дұрыстап күтіп алулары керек деді. Жылдық жоспарда тақырыптары берілген. Сол тақырыптары әдіскерден алып, алдын ала іс-шара түзіп, дайындалуларын тәрбиешілерден талап етті.

#### Шешімі:

1. Баланың ой-өрісін дамыту барысында саусақ, қуыршақ т.б теотрлар қолға алынсын.
2. Балалардың тілдік танымын дамыту мақсатында материалдар жинақталсын.
3. Ашық есік күндерін ата-аналардың қатысуымен толық жүзеге асырылсын.

Төрайымы:

б/б меңгерушісі Н.Р.Жунусова

Хатшы:

А.Т.Ильясова



**ЖСШ «Аслан –Али»  
«Еркемай» балабақшасының  
педагогикалық кеңесінің  
№1 хаттамасы.**

2021 жылғы 28 тамыз

Қаратоғай ауылы

Қатысқаны: Барлық педагогтар

**Күн тәртібі**

2. Балабақшаның жылдық жоспары мен ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесін бекіту
5. Мектеп жасына дейінгі баланың ой-өрісін театр (саусақ театры, қуыршақ т.б) арқылы дамыту
6. Мектеп жабына дейінгі балалардың тілдік танымын дамыту
7. Тәрбиешінің шығармашылық тақырыптарын бекіту
8. Ата-аналардың қатысуымен ашық есік күндерін өткізу

1. Тыңдалды. Б/б меңгерушісі Жунусов Н.Р. сөз алды. Ол өз сөзінде балабақшаның жылдық жоспары мен ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесін бекіту мәселесіне тоқталды. Жаңа оқу жылына алынған жылдық мақсаттар мен міндеттерге тоқталды. Мысалы: ұйымдастырылған оқу қызметінің балалардың жеке белсенділігін дамыту. Денсаулық және қатынас білім салаларында білім алу құзіреттілігін қалыптастыру. Міндеті: Балалардың бойында салауатты өмір сүруге, күнделікті физикалық жаттығу жасауға, спортқа деген қызығушылығын арттыру. Балалардың тілін дамыту жұмысын дидактикалық ойындар мен театрланған көріністерді пайдалану арқылы дамыту. Сонымен қатар, тәрбиешілердің ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің кестесін тексеріп, бекітіп берді. Ары қарай дұрыс жұмыс жүргізулеріне талап етті.  
Сөз алғандар. Тәрбиеші Төлегенова Ж.Е сөз алды. Мен, жарты жылға айлық жоспар тіздім. Әр айдың тақырыптарын Үлгілік оқу жоспарына сүйене отырып оқу қызметін жазамыз. Өзіме тиесілі ашық ұйымдастырылған оқу қызметінің і мен ертеңгіліктерімді алдым. Алдағы уақытта тек жақсы жақтан көнінемін деген ойдамын-деді.

2. Тыңдалды. Б/б меңгерушісі Жунусова Н.Р. сөз алды. Ол мектеп жасына дейінгі балалардың ой-өрісін театр (саусақ театры, қуыршақ т.б) арқылы дамыту мәселесіне тоқталды. Балалардың ой-өрісі білім мен бірге түрлі қызықты ойындар арқылы дамиды. Театр ойындарына: саусақ, қуыршақ т.б театр кіреді. Бұл екеуі де біздің балабақшада бар ойыншықтар. Біздің бабаларға ешқандай тансық емес. Оқу қызметінің немесе күннің ІІ жартысында тәрбиешілер осы қойылымдарда балаларға жалықпай көрсетіп, ойнатуларына тиіс-деді. Ортаңғы топ тәрбиешісі мен кіші топ тәрбиешісіне ортаңғы топ тәрбиешісіне осы аптада саусақ театры, қуыршақ театр арқылы қойылымқоюларын талап етті.

Сөз алғандар. Ортаңғы топ тәрбиешісі сөз алды. Менің тобымда арнайы қуыршақ театрына арналған түрлі ертегілердің кейіпкері бар. Біз онымен ертегілерді сомдап жатырмыз. Балалар өте жақсы көреді. Қызығып, ойнағылары келеді де тұрады-деді. Кіші топ тәрбиешісі сөз алды. Мен, тәрбиешілер бірігіп, саусақ арқылы ойнататын ертегілердің кейіпкерлерін жасауға тапсырыстар бердік. Бір, екі түрі өзімізде бар.

**ЖСШ «Аслан –Али»  
«Еркемай» балабақшасының  
педагогикалық кеңесінің  
№2 хаттамасы.**

2021 жылғы 24 қараша

Қаратоғай ауылы

Қатысқаны: Барлық педагогтар

**Күн тәртібі**

4. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы
5. Балаларды таныстыруға арналған көркем сурет туындыларына шолу
6. Бейнелеу мен тіл дамыту жұмыстарына байланыстыра отырып жүргізудегі пайдаланылатын көрнекіліктер көрмесі.
7. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметі
  4. «Күзгі бақта күлімдеп, еңбек етер адамдар» кіші топ
  5. «Күзгі жапырақтар» Ортаңғы топ
1. Тыңдалды. Б/б меңгерушісі Жунусова Н.Р. сөз алды. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жайында сөз қозғады. Балалардың тілдік танымын дамыту мақсатында материалдар жинақталды. Ашық есік күнінің өтілуіне ортаңғы топтың тәрбиешісіне мағлұматтар берді. Тек сен емес, бәріміз, ата-аналардың қатысуына көңіл бөліп, жәрдем береміз-деп сөзін аяқтады.
2. Тыңдалды. Б/б меңгерушісі Жунусова Н.Р сөз алды. Тілге қойылатын негізгі талаптың бірі-оның мазмұндылығында. Баланың тілін дамыту күн тәртібінің барлық сәтінде жүзеге асырылатын болғандықтан, материалдар атрымен ұсынылады. Сөйлеуді дамытуға арналған дидактикалық ойындарды және дамытушы ойындарды мақсатына, шартына байланысты орындай білу тиіс-деді  
Сөз алғандар. б/б тәрбиешісі сөз алды. Өзінің сүйікті ойыншықтары туралы баяндауға, балабақшаға көрмеге әкелген ойыншығын сипаттауға үйрету. Баланың сөздік қорын қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды таныстыру барысында оның сапасын, құрамын, қатынасының негізінде жаңа сөздер енгізіледі.
3. Тыңдалды. Б/б меңгерушісі Жунусова Н.Р сөз алды. Қараша айында кіші топқа «Күзгі бақ күлімдеп, еңбек етер адамдар» ортаңғы топқа «Күзгі жапырақтар» тақырыбында ашық ұйымдастырылған оқу қызметін бөліп берді. Кіші топ ортаңғы топ қараша айында, өтілуі тиіс-деген тапсырмалар берді.

**Шешімі:**

1. Сурет салу мен Сөйлеуді дамыту жұмыстарын байланыстырып өту, тәрбиешілер күзіретіне тиесілі.
2. Ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде тәрбиешілер бір-бірінің оқу қызметі енсін

Төрайымы:  б/б меңгерушісі Жунусова Н.Р.  
Хатшы:  Ильясова А.Т.



**ЖСШ «Аслан –Али»  
«Еркемай» балабақшасының  
педагогикалық кеңесінің  
№ 3 хаттамасы.**

2022 жылғы 20 қаңтар

Қаратоғай ауылы

Қатысқаны: Барлық педагогтар

**Күн тәртібінде**

3. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы
4. Баланың өмірі мен денсаулығын қорғау ережелері. Мейірбике
3. Балаларды бейнелеу өнерінің жанрларымен таныстыру
4. Ұлттық ойындар көрмесі.
5. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметін талдау

Ашық ұйымдастырылған оқу қызметі

1. «Қысқы орманға саяхат»
2. «Жабайы аңдар»
3. «Көңілді шарлар»

1. **Тыңдалды:** Б/б меңгерушісі Жунусова Н.Р. сөз алды. Ол өз сөзінде Сурет салу мен Сөйлеуді дамыту жұмыстарының байланысына тоқталды. Тәрбиешілердің істеген еңбектерін атап өтті. Көрнекіліктерді тиімді пайдалануларын айтып өтті.

2. **Тыңдалды:** Б/б мейірбикесі Ибрагимова А.Б. сөз алды. Баланың өмірі мен денсаулығын қорғау мәселесі бойынша тәрбиешілер ең алдымен таңғы жаттығуларын дұрыс ұйымдастыруы тиіс. Күнделікті жасалынатын таңғы жаттығулар баланың дұрыс өмір сүруіне, денсаулығына тікелей оң әсерін береді. Денені тік ұстап, кеудені жоғары көтеріп, түрлі қимылды жаттығулар орындалуы керек. Тамақтың дұрыс ұйымдастырылуы да баланың өмірі мен денсаулығына оң әсерін береді. Күнделікті күн тәртібін сақтау арқылы да біз дені сау, ұрпақ өсіре аламыз – деді.

3. **Тыңдалды:** Б/б меңгерушісі Жунусова Н.Р. сөз алды. Күнделікті ұйымдастырылған оқу қызметінде Сурет салу барлық топта қамтиды. Сурет салу өнерінің жанрларымен таныстырып шықты. Мәселен, сурет, жапсыру, мүсіндеу ұйымдастырылған оқу қызметінде өз әдіс тәсілдері жеке-жеке қамтылады. Суретте ақ қағаз, түрлі түсті қарындаштар, бояулар пайдаланылады. Әрбір тәрбиеші әр жанрға мұқият зер салып, назар аударуы тиіс.

**Сөз алғандар:** Тәрбиеші сөз алды. Менің тобым кіші топ. Мен өз тобымда Сурет салу түрлерін өтемін. Яғни, жас ерекшеліктерін ескере отырып, тақырып таңдаймын. Сол тақырыпты барынша меңгертуге тырысамын деді.

4. **Тыңдалды:** Б/б меңгерушісі Жунусова Н.Р. сөз алды. Осы айдың соңғы аптасында ұлттық ойындар көрмесін ұйымдастыру керектігін тәрбиешілерге айтып өтті.

Әр топ жеке-жеке көрме ұйымдастырады. Балалардың өз қолынан шыққан еңбектерін және қол өнерлерін ортаға көрсететін кез келді. Түрлі ертегі кейіпкерлерін ұлттық ойындар шығаруға болады. Мәселен: «Қыз қуу», «Алтыбақан» т.б.

5. **Тыңдалды:** Б/б меңгерушісі Жунусова Н.Р. сөз алды. Естеріңізде болса, балабақшада ортаңғы топ тәрбиешісі. Өз тобында «Күзгі жапырақтар» тақырыбында ашық ұйымдастырылған оқу қызметін өткізген болатын. Бұл топ ортаңғы топ болғандықтан балалардың барлығы сөйлейді, түсінеді, өздігінен тапсырмалар орындай біледі. Оқу қызметінде балалар бұл көрсеткішті толықтай көрсете білді. Тәрбиеші де жаман емес. Бірақ, сол кезде аз дайындықпен келген. Жаңа технология әдісін мүлдем пайдаланбады. Сол секілді кіші топ тәрбиешісі өз тобында «Күзгі бақта күлімдеп, еңбек етер адамдар» тақырыбында ашық ұйымдастырылған оқу қызметін

көрсетті. Тілі келмейтін балалар кездесті. Тәрбиеші олармен інде көп ізденуі керек. Сөз байлығын дамыту мақсатында түрлі материалдармен жұмыс жүргізуі тиіс деді.

**Сөз алғандар:** кіші топ тәрбиешісі сөз алды. Мен екі тәрбиешінінде оқу Қызметендім. Екеуінінде оқу қызметі маған ұнады. Әсіресе, ортаңғы топ саябақтан жапырақтар терген сәті керемет ұйымдастырылды-деді.

**6. Тыңдалды:** Б/б меңгерушісі Жунусова Н.Р сөз алды. Ол келесі тәрбиешілерге ашық ұйымдастырылған оқу өызметінің тақырыптарын белгілеп берді.

1. «Қысқы орманға саяхат»
2. «Жабайы аңдар»
3. «Көңілді шарлар»

#### **Шешімі:**

1. Баланың өмірі мен денсаулығын қорғау ережелері сақталсын.
2. Ұлттық ойындар көрмесі дұрыс ұйымдастырылсын.
3. Ашық ұйымдастырылған оқу өызметі кезінде өткізілсін.

Төрайымы: б/б меңгерушісі: **А. А. А. - А. А. А.** Жунусова Н.Р.  
Хатшы: **Ильясова А.Т.**



ЖСП «Асман – Алл»  
«Еркешті» балабақшасының  
педагогикалық кеңесінің  
№ 4 хаттамасы.

2022 жылғы 18 наурыз

Қаратогай ауылы

Қатысқаны:

**Күн тәртібінде**

2. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. Мақсатты серуенге дайындық жұмыстары.
3. Қауіпсіздік ережесін талқылау.
4. Тамақтың дұрыс ұйымдастырылуын бақылау
5. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметін талдау
6. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметі
  1. «Әдемі гүлдер»
  2. «Күстар біздің досымыз»
  3. «Ертегілер еліне саяхат»

**1. Тыңдалды:** Б/б меңгерушісі Жунусова Н.Р. сөз алды. Тәрбиешілердің баланың өмірі мен денсаулығын қорғау ережелері жайында ізденген жұмыстары жайлы тоқталды. Ұлттық ойындар көрмесі жайында сөз етті. Айтылған жұмыстар дер кезінде орындалса, тірлігіміз алға жүреді – деді.

**2. Тыңдалды:** Б/б меңгерушісі Жунусова Н.Р. сөз алды. Балабақшаның бір жылдық жылдық жоспарында жоспарланған арнайы серуендер ұйымдастырылған. Наурыз айында серуен ұйымдастырылған. Бұл серуенді ортаңғы топ тәрбиешілері ұйымдастырады. Арнайы іс-шара түзіп, жоспарлар құрылады. Суретке түсіріп, Фотоальбомдарын жасап қойындар. Серуенге шығарарда жол ережесін сақтауды ұмытпаңдар. Тәрбиешілер серуенге алдынала дайындық жұмыстарын жасайды. Ата-аналарына ескертіп баларға қауіпсіздік шаралары туралы арнайы сабақ жүргізеді.

**3. Тыңдалды:** Б/б әдіскері Ильясова А.Т. сөз алды. Ол өз сөзінде бөлме ішіндегі қауіпсіздік жайында жол тәртібі жайында орын алатын қауіпсіздік шараларына тоқталды.

Топ бөлмелеріндегі қауіпсіздік ережелері:

- Топ бөлмелері мен ойын алаңында тәрбиешінің қарауынсыз жұмыс істеуге болмайды.
- Бөлмелерді, кабинеттерді таза, санитарлық-гигиеналық талапқа сай күтіп ұстау қажет.
- Терезеден сыртқа асылмау
- Ойын алаңдарында жүгіріп, бір-бірін қуалап, итеріп ойнауға тыйым салынады.
- Электр тогы жүретін жерлерде ойнауға, электр бағанасына шығуға, трансформатор үйшігіне кіруге болмайды.
- Көшеде өтерде бағдаршамға назар аудару керек.
- Жол ортасында ойнау қауіпті.
- Көшеден тек жаяулар өтпелері арқылы өт.
- Жол қиылыстарында аса абай бол.

Осындай түрлі қауіпсіздік шараларын тәрбиеленушілермен бірге біле жүріңіздер-деді.

**4. Тыңдалды:** Б/б мейірбикесі Ибрагимова А.Б. сөз алды. Күнделікті тамақтың ұйымдастырылуы жайында тоқталды. Күнделікті тамақты ұйымдастыру бізде САНПИ-н ережелерімен жүзеге асырылады. Күнделікті ас мәзірін дайындап, бекітіп аламын. Бір күнде берілетін тамақ екінші күнде берілмейді. Бір қою, бір сұйық тамақ және түстен кейін сүттен не айраннан каша ұйымдастырылып, пісіріледі – деді.



**Шешімі:**

1. Жазғы сауықтыру жұмыстары жоспарланып, бекітілсін.
2. Тәрбиешілер жыл бойы ізденген еңбектерін тапсырсын.

Төрайымы: б/б меңгерушісі: *Жуңусова Н.Р.* Жуңусова Н.Р.  
Хатшы: *Ильясова А.Т.* Ильясова А.Т.



**ЖСШ «Аслан –Али»  
«Еркемай» балабақшасының  
педагогикалық кеңесінің  
№ 5 хаттамасы.**

2022 жылғы 24 мамыр

Қаратоғай ауылы

Қатысқаны: Барлық педагогтар

**Күн тәртібінде**

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. Тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарына есеп беруі.
3. Жазғы сауықтыру жұмыстарының іс шаралары туралы.
4. Тәрбие сағаттарының, ашық сабақтарының, ертеңгіліктер мен іс шараларының бағдарламаларын жинақтау.

5. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерін талқылау.

Ашық ұйымдастырылған оқу қызметі

1. «Ертегі еліне саяхат»
2. «Шынықсаң шымыр боларсың

**1. Тыңдалды:** Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде б/б меңгерушісі Жунусова Н.Р. сөз алды. Қауіпсіздік ережелерінің орындалуына, серуеннің өтілуіне тоқталды. Тамақтың дұрыс ұйымдастырылуы жөнінде мейірбикеден өз есебін алды.

**2. Тыңдалды:** Б/б меңгерушісі Жунусова Н.Р. сөз алды. Тәрбиешілерге жылдың басында шығармашылық тақырыптар берілген болатын. Әр тәрбиеші осы күнге дейін бір жыл бойы жасаған, ізденген шығармашылық жұмыстары жөнінде талқылап шықты. Осы тақырыптар бойынша ізденген жұмыстары бойынша бірін маған, бірін өздеріңе сақтап қойыңдар-деді.

**3. Тыңдалды:** Б/б меңгерушісі Жунусова Н.Р. сөз алды. Алдымыз жаз айы. Сабақ өтілу деңгейі тоқтағанмен, үш айда 4 оқу ойын түрде өтулерің керек. Біз жанадан семинар өткіздік. Балабақшаны толық жөндеу жұмыстарын өткердік. Жаздың соңғы айында қайтадан бір рет әктеу, сырлау жұмыстарын атқарамыз. Сертификатталған ойыншықтар мен кітаптарға тапсырыстар берілді. Сынған, бүлінген заттар мен ыдыс аяқтар, жиһаздардың орны толықтырылуда-деді.

**4. Тыңдалды:** Б/б меңгерушісі Жунусова Н.Р. сөз алды. Оқу бағдарламасы осы айдың соңында бітеді. Топ тәрбиешілері бір жылда істеген еңбектеріңді, ашық ұйымдастырылған оқу қызметін, ертеңгіліктерді, күнделікті жоспар, айлық, апталық жоспарларының бәрін тапсыруларын ескертті.

**5. Тыңдалды:** Өткен айда «Әдемі гүлдер» кіші топта, «Құстар біздің досымыз» ортаңғы топта ашық ұйымдастырылған оқу қызметі ретінде өтілді. Кіші топ тәрбиешісі сабақтың мақсатын дұрыс тандаған. Балалардың қызығушылығын ояту мақсатында көп жұмыстар атқаруы тиіс. Ортаңғы топ тәрбиешісі мақсатын дұрыс тандаған. Тәрбиеші өз мақсатына жетті деп ойлаймын. Тәрбиешіге көрнекілікпен жұмыс жасауы керек. Бар көрнекілікті өз пайдасына дұрыс пайдалана алмады. Жалпы айтқанда, оқу қызметі дұрыс деңгейде өтілді.

**Шешімі:**

1. Жазғы сауықтыру жұмыстары жоспарланып, бекітілсін.
2. Тәрбиешілер жыл бойы ізденген еңбектерін тапсырсын.

Төрайымы: б/б меңгерушісі.

Хатшы:



Жунусова Н.Р

Ильясова А.Т.